



СЫН-ПІКІРЛЕР/REVIEWS/РЕЦЕНЗИИ

Түркі мәдениетіндегі қасқыр: қастерлі және тұрмыстық сипаты

А. Шәріп

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы
(E-mail: amantay_sh@hotmail.com)

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-1-118-122>



Қартай Т. Бөрітаным: экспедициялық зерттеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 104 б.

Received 30 January 2022. Revised 18 February 2022. Accepted 08 March 2022. Available online 31 March 2022.



For citation:

A. Sharip A wolf in the Turkic culture: sacred and ordinary // Turkic Studies Journal. – 2022. – Vol. 4. – No 1. – P. 118-122. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-1-118-122>

Дәйексөз үшін:

А. Шәріп Түркі мәдениетіндегі қасқыр: қастерлі және тұрмыстық сипаты // Turkic Studies Journal. – 2022. – Т. 4. – № 1. – 118-122 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-1-118-122>

Көк бөрі – түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінде айрықша қасиетті, қадірлі саналатын мақлұқат. Мифологиялық дүниетанымға сәйкес, олар өздерінің генеалогиялық түп-төркінін осы түз тағысынан таратқанды жөн көреді. Қытай жылнамаларында бұл тақырыпқа қатысты таңбаланған сюжеттер бүгін көпшілікке аян. Фольклорлық шығармаларда (ертегілер, аңыздар, әпсаналар, тарихи жырлар, қаһармандық эпос, мақал-мәтелдер), халық ауыз әдебиетінде (жыраулар мен ақындар шығармашылығы), сондай-ақ әдеби-көркем туындыларда (өлеңдер, поэмалар, әңгімелер, хикаяттар, романдар) қасқыр бейнесі жан-жақты көрініс тапқан. «Ит-құс», «ұлыма», «серек құлақ», «теріс азу», «абалақ» секілді эвфемистік жанама атаулар таңылған тотемдік аң туралы ел санасында ғасырлар бойы сақталған түсініктер замана ыңғайына қарай түлеп-түрленіп, өзгеріп-өзгешеленіп отырғанын байқаймыз. Бұл мәселе ғылыми тұрғыдан да біраз зерттеліп-зерделеніп, сан түрлі пайымдардың арқауына айналған.

Профессор Тәттігүл Ерсайынқызы Қартай өз монографиясында бұрынғы зерттеулердің қажетті тұстарына сүйене отырып, көк бөрі (қасқыр) бейнесін тың тарапта қарастырған. Бұған ең алдымен ол жетекшілік еткен АР08856696 «Қазақстанның шөлді атыраптарының егіншілік-малшаруашылық ландшафтарын этнографиялық және геоархеологиялық зерттеу: игеру мен бос қалдырулардың тарихи себептері» атты жоба аясында жинақталған далалық материалдар мүмкіндік берген. 2012-2020 жылдар аралығында жүзеге асқан Ақтөбе, Сыр өңірі, Маңғыстау, Ұлытау, Хан Ордасы экспедициялары, Анкара, Аққайнар, Ақши, Атырау, Шұбарқұдық, Кеген, Қастек, Таңбалы сапарлары барысында ғалым тікелей ел ішінен деректер жиыстырып, сауалнамалар мен сұхбаттар ұйымдастырған. Аңшылық құралдарын көзбен көріп, қолмен ұстаған; олардың нақты қолданысымен іс жүзінде танысқан. Фототүсірілімдер жасаған. Мұражай экспонаттарын саралаған. Күнделік жүргізген. Осының барлығы зерттеушінің мол эмпирикалық мәліметтің басын құрап, оны тиісінше талдап-таразылауға негіз қалағаны анық.

Т. Қартай түркілердің дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігінде көк бөрінің қаншалықты сакралды сипатқа ие болғандығын жартастардағы кескіндемелер, археологиялық табылымдар және этнографиялық олжалар айғақтай алатындығын тілге тиек етеді. Реконструкциясын қазақстандық реставратор Қырым Алтынбеков пен ресейлік суретші Михаил Горелик жасаған бөрілі байрақтың болжамды бейнесін талдап, оның билік атрибуты екендігін дәйектейді және өзара пішімі ұқсас үлгілерінің ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде, Ыстамбұлдағы Топқапы музейінде сақтаулы тұрғандығын атап көрсетеді. Зерттеушінің негіздемелері Н. Бичурин, А. Окладников, Ә. Марғұлан, Ю. Худяков, т.б. ғалымдардың тұжырымдарымен өрістесіп-өрелесіп жатады.

Кітап авторы екі басты бөрінің әйтпесе екі бөрі басының бір бұйымда бейнеленуінің сақ-скиф дәуірінде жиі жолығатынын айтып, мұның жарқын үрдісін Жартас шатқалындағы петроглифтерден табады да, бір-біріне қарама-қарсы кейіптелген қос қасқыр ғұрыптық жағынан «екі жауынгердің жекпе-жек күреске дайындық көрінісін» ишаралауы мүмкін деген долбарға табан тірейді. Жартастардағы (мысалы, Құлжабасы жотасы, Таңбалы тас кешені, Бөрішолақ шатқалы, Баянжүрек таулары) шеку, қыру, безеу тәсілдерімен қашалған қасқыр сірілі (маскалы) кісі тұрқылары осы сабақтастықтың сырын аша түсетіні айқын. Ғалым өз тарапынан бұл бейнені «қасқыр адам» деп атауды ұсынып: «Жартастағы «қасқыр адам» мен қасқырдан күш алған бейнелер қасқырдың тотемдік, магиялық рөлімен қатар, адам мен қасқыр арасындағы тылсым байланысты, аңыздық тұрғыда генетикалық байланысты білдіреді», – дейді. «Бөрінің Тәңірісі бар» деген ұғымның астарын ашады. Қасқырдың көктен жаралғандығы туралы мифологиялық таным, оған қатысты тыйымдар мен ырымдар табиғатына үңіледі. Батырлық эпостың тастағы жаңғырығын аңғартады. «Қасқыр-адам» бейнесінде бақсының тұлғасы құпиялануы ықтимал екендігіне де тоқтала кетеді. Оның ойынша, бұл суреттерде жортуылға шыққан қасқырдың қимыл-қозғалысы арқылы аңшылық мотивтері де рәмізделген.

Ел-жұрттың бөрі тұқымына көзқарасының ерекше бір дәлелін еңбектің авторы: «Қасқырдың ізі жаңбырдан соң анық көрінген. Ертеде қасқыр ізі түскен жерді кеуіп кетпей тұрып, ойып алып, қата бастағанда кірпіш формасында өңдеген. Жан-жағын қырлап сүргілеп, пешке күйдіріп кірпіш жасап, кесене, қала құрылысына қосып өріп жіберген», - деген тұжырымы арқылы жеткізеді. Оның мысалдарын Қазақстанның әр түкпіріндегі өзі болған тарихи нысандардан – Алаша хан мазарынан (Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы), ортағасырлық Көктам қаласынан (Ақтөбе облысы, Темір ауданы), ежелгі Сарайшықтан (Атырау облысы, Махамбет ауданы) жинақтап келтірген. Этнограф-ғалым соны ойларға сүрлеу тартқызатын бұл қызықты мәліметтерді де байырғы түркілер арасында кеңінен жайылған көк бөрі культімен байланыстырады.

Еліміздің әртүрлі музейлерінде экспозицияланған немесе олардың қорларында сақталған көне артефактілердің арасында көк бөрінің архаикалық мазмұнын меңзейтін заттай деректер аз емес екен. Мысалы, бөрі басты қамшы, қанжар, пышақ, қылыш, найза саптары, сондай-ақ сүйек ұштамалар, сүйек қасықтар – осылардың бір парасы. Хронологиясы ерте темір дәуірінен ХІҮ ғасырға дейінгі мерзімді қамитын, қасқыр тұғырланған немесе бедерленген, қола шырағдан, қыш ыдыс сынығы, киім-кешек әшекейі, ат әбзеліндегі тоғалар, алтын сырға да бұл қатарды толықтырады. Зерттеуші олардың әрбірінің сипаттамасын мейлінше тиянақтап, мыңжылдықтар бойы желісі үзілмеген «аң стилінің» жұрнағын іздестіреді және көк бөрінің өзіндік семантикасын байыптайды. Осыған орай өз жорамалдарымен бөліседі. Кейбір тұстарда ескі тотемдік түсініктердің исламият қағидаларымен кірігіп кеткеніне назар аударады.

Т. Қартай көшпенді халықтардың, оның ішінде қазақтардың дәстүрлі танымында «қасқыр-адам» ұғымының, бір жағынан, көсем, басшы, батыр (йабғу, шад, тархан, бұйрық, тегін, би, бек), екінші жағынан, абадан, арлан, көкжал сөздері арқылы үндестік, үйлесім тауып жататындығын тәптіштейді. Оның сан алуан өрнектерін көне түркі бітіктастарындағы жазбалар, Ж. Баласағұнның «Құтты білік» поэмасы, М. Қашқаридың «Диуани лұғат әт-түрік» шығармасы, «Қорқыт Ата кітабы» дастаны, «Сыртандар» ертегісі, жыраулық поэзия өкілдері – Шалкиіз бен Жиёмбет толғаулары, зар заман жыршысы Дулат Бабатайұлы, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы өлеңдері арқылы егжей-тегжейлі саралап береді. Сөйтіп, көк бөрінің ұрандық, жолбасшылық, қамқоршылық, қаһармандық мағынадағы функцияларының көркем қалыпқа құйылысын пайымдайды.

Қасқыр – ат жалы, түйе қомында көшіп-қонып, бақташылықпен шұғылданған қазақ халқының тыныс-тіршілігіне етене таныс жыртықш аң. Зерттеушінің екінші бөлімінде ғалым бұл хайуанаттың болмысына қатысты жайттарды этнографиялық тұрғыдан кең ауқымда қарастырған. Елдің түз тағысын жүнінің реңіне қарай сұр қасқыр, қызыл қасқыр, көк қасқыр, қара қасқыр, сары қасқыр, ақ қасқыр деп ажырататынын айтады. Терминдер тізбесінде (глоссарий) қасқырға қатысты сирек кездесетін әуек, біршек, енүк, көрбан, тарантай, шулан секілді атауларға түсініктеме береді. «Қақпан құру», «Қасқыр алу мерзімі», «Қасқыр алудың көне әдістері» тарауларында аңшылық кәсіптің қыр-сырына қанықтырса, «Апан», «Жұптасу мерзімі және бөлтірік өргізуі», «Жатағы» тарауларында бұл хайуанаттың өмір сүру, ұрпақ тарату ерекшеліктерінен хабардар етеді. Қазақтың тоғыс есебіне (күнтізбесіне) сәйкес «бөрісырғақ» амалының, «көкпар», «қасқұлақ», «бозқашы» ұлттық ойындарының сипаттамаларын ұсынады. Еңбекте қасқырға байланысты ғұрыптық рәсімдер мен түрлі ырымдар жөнінде баяндалып, оның табанынан, азу тісінен, асығынан, тырнағынан жасалған тұмарлар ұрыс-керістен, тіл-көзден, кесір-кесапаттан сақтайтындығы жайында айтылса, кеңірдегі, өті, бауыры, еті, бас сүйегі, шыбығы, сарпайы, миы, тілерсегі этномедицинада әрқилы аурудан айықтыру үшін қолданылатындағы туралы сөз болады. Малды қасқырдан қорғау ырымдары, балаға ат қою салтының өзгешеліктері, түз тағысының терісін кәдеге жарату мәселелері де талданады.

Т. Қартай экспедициялар барысында Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда, Қарағанды, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарында тұратын информанттармен нәтижелі

жұмыс жүргізген. Олардың аузынан басқа керекті ақпаратпен қоса, бұрын ғылыми айналымға түспеген ел ішіндегі қанатты сөздерді де хаттап алған. Мысалы, монографияда кездесетін «Түлкі түптеп қуғандыкі, қасқыр қақ басқа ұрғандыкі», «Қасқыр азығы – жеті күн елден, жеті күн жерден», «Қасқыр деп айтса, қас қылады», «Қасқыр алудың 90 айналасы бар», «Қақпан салған жатып алады, мылтығы бар атып алады», «Қанды қақпан қанмен дос» секілді оралымдарды лингвистикалық олжа деп санауға болады.

Кітапта рет-ретімен берілген иллюстрациялық материалдар (суреттер, сызбалар) зерттеудің мән-мазмұнына нақтылық дарытып, қасқырдың түркі танымындағы екі жақты – әрі қастерлі, әрі тұрмыстық сипатын мүлтіксіз түсінуге септігін тигізетінін айта кеткен жөн.

Қорыта айтқанда, қасқыр бейнесін пәнаралық байланыс (тарих, археология, этнография, тілтану, әдебиеттану, дінтану, фольклортану, т.б.) негізінде талдап-таразылаған Т. Қартайдың «Бөрітаным» монографиясын түркітану саласына қосылған лайықты дүние ретінде бағалаймыз.

A. Sharip

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan
(E-mail: amantay_sh@hotmail.com)*

A wolf in the Turkic culture: sacred and ordinary

Summary of the review. The monograph of the scientist-ethnographer Tattigul Ersaiynkyzy Kartay «Boritanym» («Wolf Studies») is devoted to the study of the wolf in Turkic, including Kazakh culture as a sacred and at the same time profane (ordinary) object. The author has accumulated rich empirical material on a given topic during scientific expeditions and business trips to the western, southern and central regions of Kazakhstan (Mangystau, West Kazakhstan, Aktobe, Kyzylorda, Almaty, Karaganda regions), organized from 2012 to 2020. The first section of the monograph gives an interpretation of rock carvings with images of a wolf (petroglyphic complexes Zhartas, Qulzhabasy, Tamgaly tas, Borisholaq, Bayan-Zhurek), archaeological finds (pike, dagger, knife, sword, whip with a wolf's head) and museum artifacts (bronze candlestick, a fragment of pottery, a pendant for decorating clothes, a buckle with a horse harness, a gold earring with images and attributes of a wolf). The image of the “wolf-man” and the specificity of its representation in the works of oral folk art are considered, the reasons for the taboo of the name of the totem animal are analyzed, evidence is given for the viability of the traditions of the Saka-Scythian “animal style”. Interesting facts have been found about the application of traces-casts of a wolf on the surface of bricks built into the walls of mausoleums and houses (palaces), most likely as a talisman against harmful forces.

As a result of the nomadic way of life of the Kazakhs, which combined cattle breeding and hunting, the remnants of totemism (beliefs of a fishing cult) and a deep fear of a sacred animal were strongly intertwined in the magical ideas and ritual practice of the people. In the second section of the monograph, Professor T. Kartay gives a detailed population characteristic of wolves (physical data, lifestyle, typical habits, choice of den, mating season, raising offspring, etc.) living in Kazakhstan, and divides them into the following subspecies: gray wolf, red wolf, blue wolf, black wolf, yellow wolf and white wolf.

Interesting in the work are the descriptions of the annually recurring weather phenomenon (amal) associated with the image of the wolf - «borisyrgak»; national sports games «kokpar», «qasqulaq», «bozqashy»; ways of using wolf body parts in ethnomedicine; customs and rituals of naming, whose roots go back to the veneration and deification of the cult animal of the Turks. As a result of fruitful communication with informants, previously unknown dialectisms or only locally used winged expressions and speech turns associated with the image of a wolf were recorded, which can be called the author's linguistic find.

In the study of the wolf phenomenon, the author effectively uses an interdisciplinary approach. All sections of the monograph are accompanied by illustrative materials (photographs, drawings, diagrams), which enriches the content of the texts and helps the reader to perceive them more easily.

А. Шарип

*Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Республика Казахстан
(E-mail: amantay_sh@hotmail.com)*

Волк в тюркской культуре: сакральное и обыденное

Краткое содержание рецензии. Монография ученого-этнографа Таттигуль Ерсайынкызы Картай «Бөрітаным» («Волковедение»), посвящена исследованию образа волка в тюркской, в том числе казахской культуре как сакрального (священного) и в то же время профанного (обыденного) объекта. Автором накоплен богатый эмпирической материал по заданной теме во время научных экспедиций и командировок в западные, южные и центральные регионы Казахстана (Мангыстауская, Западно-Казахстанская, Актюбинская, Кызылординская, Алматинская, Карагандинская области), организованных с 2012 по 2020 гг. В первом разделе монографии дана интерпретация наскальных рисунков с изображениями волка (петроглифические комплексы Жартас, Кулжабасы, Тамгалы тас, Боришолок, Баян-Журек), археологических находок (пика, кинжал, нож, меч, плеть с волчьей головой) и музейных артефактов (бронзовый подсвечник, осколок глиняной посуды, подвеска для украшения одежды, пряжка с конской сбруи, золотая серьга с изображениями и атрибутами волка). Рассмотрены образ «человека-волка» и специфика его репрезентации в произведениях устного народного творчества, подвергнуты анализу причины табуации имени тотемного животного, приведены доказательства преемственности традиций скифо-сакского «звериного стиля». Найдены интересные факты нанесения следов-слепков волка на поверхности кирпичей, встроенных в стены мавзолеев и домов (дворцов), скорее всего, в качестве оберега от вредных сил.

В результате кочевого образ жизни казахов, в котором совмещались скотоводство и охота, в магических представлениях и обрядовой практике народа сильно переплелись остатки тотемизма (поверья промыслового культа) и глубокий страх перед священным животным. Во втором разделе монографии профессор Т.Картай дает развернутую популяционную характеристику волков (физические данные, образ жизни, типичные повадки, выбор логова, брачный период, выращивание потомства и т.д.), обитающих на территории Казахстана, и по окрасу шерсти делит их на следующие подвиды: серый волк, красный волк, синий волк, черный волк, желтый волк и белый волк. Интересными в работе являются связанные с образом волка описания ежегодно повторяющегося погодного явления (амал) – «бөрісыргак»; национальные спортивные игры «кокпар», «қасқұлақ», «бозқашы»; способы использования частей тела волка в этномедицине; обычаи и обряды имянаречения, корни которых восходят к почитанию и обожествлению культового животного тюрков. В результате плодотворного общения с информантами записаны ранее не известные диалектизмы или только локально употребляемые крылатые выражения и речевые обороты, связанные с образом волка, которые можно назвать лингвистической находкой автора.

В исследовании феномена волка автор эффективно использует междисциплинарный подход. Все разделы монографии сопровождаются иллюстративными материалами (фотографии, рисунки, схемы), что обогащает содержание текстов и помогает читателю легче воспринимать их.

Автор туралы мәлімет:

Шарип Амантай Жарылқасынұлы, филология ғылымдарының докторы, түркітану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы.

Information about author:

Sharip Amantay Zharylkasynuly, Doctor of Philology, Professor of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, K. Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan.

Сведения об авторе:

Шарип Амантай Жарылқасынұлы, доктор филологических наук, профессор кафедры тюркологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Нур-Султан, Республика Казахстан.